

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИА ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА
ASTANA
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции

**«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

COLLECTION OF REPORTS

of the International scientific and practical conference

**«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

АСТАНА, 2024

ASTANA, 2024

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)
Қ 18

Редакциялық алқа:

Мақыш С.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Жағыпарова А.О. - Экономика факультетінің деканы

Ажмухамедова А.А. - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Мажитов Д.М. - «Қаржы» кафедрасының профессоры

Бұлақбай Ж.М. - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Майдырова А.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

Сембиева Л.М. - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

Аманова Г.Д. - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

Мухияева Д.М. - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Искаков Б.М. - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

Қ 18 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-934-0

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)

ISBN 978-601-337-934-0

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

4. Regional Policy / [Электронный ресурс] // An official website of the European Union: [сайт]. — URL: https://ec.europa.eu/regional_policy/home_en
5. Investigation of the management and review of the national follow-up of the sustainable development goals. / [Электронный ресурс] // Office of the Auditor General of Norway: [сайт]. — URL: https://ec.europa.eu/regional_policy/home_en
6. Data strategy: Federal Government fails to unleash the potential for innovation / [Электронный ресурс] // Bundesrechnungshof: [сайт]. — URL: <https://www.bundesrechnungshof.de/SharedDocs/Kurzmeldungen/EN/kurzmeldungen-berichte/-12-2022-datenstrategie-en.html>
7. Report 1—Connectivity in Rural and Remote Areas / [Электронный ресурс] // Office of the Auditor General of Canada: [сайт]. — URL: https://www.oag-bvg.gc.ca/internet/English/parl_oag_201811_01_e_43199.html
8. Chairman Mimura's Comments on the Coming into Effect of the Regional Comprehensive Economic Partnership (RCEP) Agreement / [Электронный ресурс] // The Japan Chamber of Commerce and Industry: [сайт]. — URL: <https://www.jcci.or.jp/english/2021/1104093636.html>
9. Marina Kukla, Leonid Kozlov. The Gangwon-do case as an example of the regional policy of the Republic of Korea = Региональная политика Республики Корея на примере провинции Канвондо / Marina Kukla, Leonid Kozlov [Электронный ресурс] // Research Gate: [сайт]. — URL: https://www.researchgate.net/publication/346365001_The_Gangwon-do_case_as_an_example_of_the_regional_policy_of_the_Republic_of_Korea_Regionalnaa_politika_Respubliki_Korea_na_primere_provincii_Kanvondo — 2020.

ӘОЖ 336.63

АГРОҚҰРЫЛЫМДАРДЫ БЮДЖЕТТІК ҚОЛДАУ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Сарбасова Р.С.

докторант, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
e-mail: sraikhan_81@mail.ru
Ғылыми жетекші э.ғ.д., профессор Нұрымов А.А.

Аннотация. Мақалада ауыл шаруашылығы саласын бюджет тарапынан қолдаудың формалары мен әдістері, бюджеттік қолдаудың ауыл шаруашылығы өндірісіне әсері баяндалған. Ауыл ашыруашылығының тұрақты дамуы оны мемлекет тарапынан қолдау деңгейіне байланысты. Соңғы жылдардағы ауыл шаруашылығы саласының тұрақты өсу серпініне қарамастан, көптеген факторлардың әсерінен бұл сала әлі де экономиканың рентабельділігі төмен секторына жатқызылады. Зерттеудің мақсаты бюджеттік қолдаудың ауыл шаруашылығы саласының тұрақты түрде дамуына әсерін бағалауға бағытталған.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, бюджеттік қолдау, агроқұрылымдар, субсидиялау, мемлекеттік қолдау.

Аннотация. В статье изложены формы и методы бюджетной поддержки отрасли сельского хозяйства, влияние бюджетной поддержки на сельскохозяйственное производство. Устойчивое развитие сельского хозяйства зависит от уровня его поддержки со стороны государства. Несмотря на устойчивую динамику роста сельскохозяйственной отрасли в последние годы, под влиянием многих факторов отрасль по-прежнему относят к низкорентабельному сектору экономики. Цель исследования направлена на оценку влияния бюджетной поддержки на устойчивое развитие сельскохозяйственной отрасли.

Ключевые слова: сельское хозяйство, бюджетная поддержка, агроформирование, субсидирование, государственная поддержка.

Annotation. The article describes the forms and methods of budget support for the agricultural sector, the impact of budget support on agricultural production. The sustainable development of agriculture depends on the level of its support from the state. Despite the steady growth dynamics of the agricultural sector in recent years, under the influence of many factors, the industry is still classified as a low-profit sector of the economy. The purpose of the study is to assess the impact of budget support on the sustainable development of the agricultural sector.

Keywords: agriculture, budget support, agroforming, subsidies, state support.

Әлемдік тәжірибе ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік реттеу қазіргі заманғы аграрлық саясаттың міндетті бөлігі болып табылатынын, ал белсенді бюджеттік қолдау ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің және олар өндірген өнімдердің орнықты бәсекелестік позицияларын сақтау факторларының бірі болып қалатынын дәлелдейді. Бір жағынан, мемлекеттік қолдау халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, яғни бірінші кезекте қажетті тауарларға қолжетімділікке, халықтың төмен топтарының әлеуметтік мәртебесін қолдауға бағытталса, екінші жағынан, мемлекеттік қолдау ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өнімдерінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы секторы соңғы жылдардағы тұрақты өсу серпініне қарамастан (1-сурет), әлі де көптеген жағымсыз факторлардың әсерінен экономиканың рентабельді емес секторларының қатарында қалып отыр [1].




1-сурет. Ауыл шаруашылығы өнімінің даму серпіні

Сурет мәліметтерінен ауыл шаруашылығы өнімі көлемінің жылдан жылға артып келе жатқанын көруге болады, оның ішіндегі өсімдік және мал шаруашылығы салалары бойынша да өсімді байқап отырмыз.

Қазіргі экономикалық жағдайда нақты ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржылай қолдау, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді субсидиялау мәселелері үкіметтің, мамандар мен ғалымдардың үнемі назарында[2].

Агроқұрылымдарды мемлекеттік қолдау мемлекеттік реттеудің ажырамас бөлігі болып табылады және түрлі тетіктер мен құралдардың, экономикалық тұрғыдан неғұрлым қаржылық жағдайы төмен кәсіпорындар мен салаларды жеңілдікпен және өтеусіз қаржыландырудың жиынтығын білдіреді. Ауыл шаруашылығы саласы үнемі мемлекет тарапынан қолдауды қажет етеді. Бұл саланың спецификалық ерекшеліктеріне және халыққа бірінші кезектегі керекті өнімдерді өндіруімен түсіндіріледі. Ал мемлекеттік қолдау формаларын үш топқа жіктеп қарастырамыз (2-сурет).



2-сурет. Ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау формалары

Тікелей қолдау дегеніміз отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді оның қаржы-шаруашылық қызметіне тікелей әсер ететін бюджеттік қолдауды білдіреді. Тікелей қолдау формаларына ауыл шаруашылығы өндірісіне және материалдық-техникалық ресурстарға арналған субсидияларды; АӨК кәсіпорындарын несиелердің пайыздық ставкаларын субсидиялау, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімін сақтандыруға арналған шығындарының бір бөлігін өтеуге арналған субсидиялар, күрделі сипаттағы шығындарға арналған субсидиялар және т.б. жатады. Тікелей қолдау формалары ауыл шаруашылығы өндірісін сақтауға, қолдауға және дамытуға бағытталған.


Мемлекеттік қолдаудың жанама формасы деп АӨК мемлекеттік басқару органдары тарапынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жанама әдістермен жүзеге асырылатын қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне ықпал ету түсініледі. Бұл ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге жеңілдікпен салық салу, бірыңғай ауыл шаруашылығы салығын енгізу, мемлекет мұқтажы үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуды жүзеге асыруға бюджет қаражатын бөлу, астық нарығында тауарлық және сатып алу интервенцияларын жүргізу және т.б., бір сөзбен айтқанда, бұл форма тауар өндірушілердің кірістерін қолдауға ықпал етеді және ауылшаруашылық өндірісіне байланысты шығындардың бір бөлігін өтеуге мүмкіндік береді.

Делдалдық қолдау формасы - бұл негізінен бағдарламалық мақсатты сипаттағы, бірақ экономиканың аграрлық секторымен тікелей байланысты емес жанама нысандар арқылы жүзеге асырылатын қолдау нысаны; аграрлық ғылымды қолдау; бағдарламалар мен акционерлік жобаларды іске асыру үшін қаржы институттарының жарғылық капиталын бюджет қаражаты есебінен толықтыру және т.б. Бұл қолдау нысаны өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытуға, нарықтық қатынастарды дамытуға, макроэкономикалық саясатты қалыптастыруға жәрдемдесуге бағытталған

Жоғарыда аталған барлық нысандар, әдістер мен тетіктер аграрлық өндірістің тиімділігі мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ауыл шаруашылығының жұмыс істеуінің жолға қойылған экономикалық тетігін қалыптастыру, инновациялық қызметті ынталандыру, қорларды, жерді пайдалануды жақсарту, нарықтық және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, ауылдағы жұмыссыздықты азайту, еңбекке ақы төлеу деңгейін арттыру сияқты міндеттерді шешуге бағытталған мемлекеттік қаражаттың белгілі бір шығындарымен байланысты [3].

Көптеген елдерде экономиканың аграрлық секторын мемлекеттік қаржылық қолдау айтарлықтай көп тетіктерді пайдалана отырып жүзеге асырылатыны және оның ішінде іс жүзінде субсидиялар мен несиелер түрінде тікелей бюджеттік қолдау жиі қолданылатыны бәрімізге мәлім [2].

Бюджеттік қолдау түріндегі агроқұрылымдарға берілетін субсидиялар көлемі жыл сайын артуда (3-сурет). Қарастырылып отырған кезең аралығында салаға бөлінген субсидиялар көлемі 2,5 есеге артқанын көруге болады. Дәл осы аралықта ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы да 2,3 есеге артқан. Демек бюджеттік қолдауға бөлінген қаражаттар саланың дамуына тікелей әсерін тигізеді. Әрине, аталған қолдау формасында да осал тұстар жоқ емес.



3-сурет. Ауыл шаруашылығы саласына бөлінген субсидиялардың даму серпіні, мың теңге

Бюджеттік қолдау кезінде бірқатар факторлар оның тиімділік көрсеткіштеріне әсерін тигізеді (4-сурет).



4-сурет. Бюджеттік қолдаудың тиімділігін төмендететін факторлар
[Дереккөз: 4]

Бюджеттік қолдаудың тиімділігіне әсер ететін бірінші фактор ретінде бюджет шығыстарының ашық болмауын жатқызамыз. Ауыл шаруашылығы саласына бөлінетін бюджеттік қаражаттардың жоспарлы көлемін бекітілетін республикалық бюджет немесе қабылданған мемлекеттік бағдарламалардан танысып шыға аламыз, ал оның нақты орындалуы туралы мәлімет ашық қолжетімділікте жоқтың қасы деуге келеді. Келесі фактор ретінде алдын-ала болжауға болмайтын аграрлық саясат. Әрине біз дамуға арналған түрлі бағдарламалар қабылдап, 3-5 жылға орта мерзімді бағдарламалар дайындаймыз. Бірақ аталған бағдарламаларға жыл сайын өзгерістер мен толықтырулар енгіземіз. Бұл да бюджеттік қолдаудың тиімділігін төмендетуге өз әсерін тигізбей қоймайды.

Бюджеттік қолдау нәтижелерінің мониторингі жүйесінде тиімділіктің негізгі көрсеткіші өндіріс көлемін арттыру болып табылады. Бұл ретте бюджеттік қолдау аграрлық саясаттың бір бөлігі ғана екені ескерілмейді және сектор көрсеткіштеріне сауда саясаты, валюта бағамы және азық-түлік эмбаргосы сияқты факторлар айтарлықтай әсер етеді [4].

Саланы субсидиялауда көптеген проблемалар орын алады. Атап айтатын болсақ, субсидияға ауылшаруашылық тауарөндірушілерінің бірдей қолжетімділігінің болмауы, шаруашылық иелерінің қаржылық және цифрлық сауаттылық деңгейінің төмендігі, субсидия алушыларға қарсы міндеттімелердің болмауы, субсидиялау жүйесіне мониторинг қызметінің жеткіліксіздігі және т.б. Аталған мәселелер біртіндеп шешімін табуы тиіс.

Кез-келген саланың дамуында немесе оны қаржыландыруда осы сынды тежеуіш факторлардың болуы заңды құбылыс. Осы факторлар әсерін бағалай отырып, оны ескере отырып, саланың тұрақты дамуына қол жеткізуге болады.

Жоғарыда берілген ауыл шаруашылығы саласында өндірілген өнім көлемінің артқандығын байқадық, алайда оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 2014 жылғы 4,4 пайыздан 2021 жылы 5,2 пайыздық үлеске ғана өскен. Яғни саланың экономикадағы үлесі баяу қарқынмен өсуде, ал экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін оның үлесін айтарлықтай маңызды үлеске жеткізуіміз керек.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қолдау мемлекеттік реттеудің ажырамас бөлігі болып табылады және әртүрлі тұтқалар мен құралдардың жиынтығын, экономикалық жағынан неғұрлым әлсіз кәсіпорындар мен салаларды жеңілдетілген және өтеусіз қаржыландыруды білдіреді. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі объективті болып табылады және бұл объективтілік ауыл шаруашылығы өнімін өндірушінің жағдайының рыноктың қалған барлық қатысушыларының жағдайынан айырмашылығының экономикалық табиғатында жатыр, өйткені объективті себептерге байланысты еркін рыноктағы ауыл шаруашылығы экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда бәсекеге қабілетсіз.

Мемлекеттік қолдауды шығынды жабудың құралы емес, саланың дамуын ынталандырушы құрал ретінде қолдану керек. Атап айтқанда, субсидияларды бағыттау жұмысын өзгерту керек, яғни өндіріс көлемін ұлғайтушы немесе берілген қаражатты тиімді пайдаланатын кәсіпорындарға

беру арқылы қарсы міндеттемелер қою, субсидияларға мемлекеттік мониторинг жұмысын жіргізу, мақсатты бағыттылығын айқындау сияқты жұмыстарды жүргізу көп ұзамай өз жемісін береді деп сенеміз.

Аталған ұсыныстар ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларының сапасы мен тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Алипбеки, О., Женсхан, Д., & Мусина Р. (2023). Субсидирование сельского хозяйства: проблемы и пути его эффективной организации. Экономическая серия Вестника Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, 143(2). <https://bulecon.enu.kz/index.php/main/article/view/468>
2. Утибаева Г.Б. Субсидиялау: кәсіпорынның мүлдіктік тұрақтылығының кейбір мәселелері// Аграрлық нарық проблемалары, № 1, 2023. 96-104 б.
3. Вернигор Н.Ф. Государственная поддержка сельского хозяйства — неотъемлемая часть государственного регулирования // Вестник Алтайского государственного аграрного университета № 2 (124), 2015. С.143-147
4. Шик О.В., Серова Е.В., Янбух Р.Г. Исследование системы бюджетной поддержки аграрного сектора в России. // Вопросы государственного и муниципального управления. 2020. № 2. стр 145-167.
5. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайты stat.gov.kz, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты www.gov.kz/memleket/entities/mao

ӘОЖ (338.22)

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ІРІ КӘСІПОРЫНДАР ТАРАПЫНАН ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Смағұл М.Ө.

магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: smagulofficial@gmail.com

Аңдатпа. Әлеуметтік кәсіпкерлік бұл пайданы көбейтуге ұмтылумен қатар әлеуметтік мәселелерді шешетін бизнес түрі ретінде Үкіметтің де, ірі кәсіпорындардың да назарын аударуда. Бұл мақалада кедейлік, жұмыссыздық және теңсіздік сияқты мәселелерді шешу контекстінде әлеуметтік кәсіпкерліктің маңыздылығы талқыланады.

Автор мемлекет әлеуметтік кәсіпкерліктің өркендеуі үшін қолайлы орта құра отырып, оның дамуында шешуші рөл атқаратынын атап көрсетеді. Бұл қаржылық ресурстармен қамтамасыз етуді, салықтық жеңілдіктерді және әлеуметтік кәсіпорындарды нығайтуға ықпал ететін білімге қол жетімділікті қамтамасыз етуді қамтиды.

Сонымен қатар, ірі кәсіпорындардың әлеуметтік жобаларға инвестиция салу және инновациялық бизнес модельдерін құру арқылы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға үлес қоса алатынына тоқталады.

Мемлекет, ірі компаниялар және әлеуметтік кәсіпкерлер арасындағы ынтымақтастық тұрақты және инклюзивті экономика құрудың кілті болып табылады. Бұл әлеуметтік мәселелерді шешуге және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі.

Кілт сөздер: әлеуметтік кәсіпкерлік, мемлекеттік қолдау, инклюзивті қоғам, әлеуметтік кәсіпорындар, әлеуметтік мәселелер.

Аннотация. Социальное предпринимательство привлекает внимание как правительства, так и крупных предприятий как вид бизнеса, который решает социальные проблемы, а также стремится максимизировать прибыль. В этой статье обсуждается важность социального предпринимательства в контексте решения таких проблем, как бедность, безработица и неравенство.

Автор подчеркивает, что государство играет решающую роль в его развитии, создавая благоприятную среду для процветания социального предпринимательства. Это включает в себя предоставление финансовых ресурсов, налоговые льготы и доступ к образованию, что способствует укреплению социальных предприятий.

Кроме того, он подчеркнул, что крупные предприятия могут вносить вклад в развитие